

**Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорыны  
қызметкерлерін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»  
заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 4-тоқсандағы түсіндіру  
іс-шараларының отырысы**

**ХАТТАМА №4**

**Шымкент қаласы**

**15 желтоқсан 2025 жыл**

Төрайымы: Аймаханбетова Д– кәсіпорында 14-бөлім меңгерушісі;

Хатшы: Едіге Ж - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман

Қатысқан адамдар саны: 145 (бөлім меңгерушілер және жауапты  
қызметкерлер мен жұмысшылар)

Өткізу уақыты: 10-00

Өткізу орны: мәжіліс зал

**Күн Тәртібінде:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік  
қағидалары  
(ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы);**

**2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру  
бойынша әдістемелік ұсынымдар  
(Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024  
жылғы «31» желтоқсандағы № 285 бұйрығы)**

**Тыңдалды:** Едіге Ж компленас-офицері, сөз сөйлеп түсініктеме берді:  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік  
қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-  
тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың  
және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері) сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері  
бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін  
себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

**3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:**

- 1) объективтілік;
- 2) сенімділік;

- 3) айқындық;
- 4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізіледі.

Кәсіпорында 2025 жылдың 02 шілде - 13 тамыз аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. Анықталған бұзушылықтар бойынша тәртіптік жаза берілді және кемшіліктер толығымен орындалды.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасы) іске асыру жөніндегі Ісқимыл жоспарының 35-тармағын орындау үшін әзірленді. Осы Әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қалыптастыру мен оның мазмұнының тәртібін түсіндіруге бағытталған. Аталған стандарт мынадай бағыттардан тұрады:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру;
- 2) мүдделер қақтығысын болдырмау;
- 3) қаржылық бақылау шаралары;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептілігі мен ашықтығы;
- 6) персоналды басқару үдерістерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 7) мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 8) квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Жиын соңында заңгер Ф.Орынбасарова сөз алып, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді және алдын алу мақсатында өз ой-пікірлерімен бөлісті.

**Шешім:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 4 тоқсандық түсіндірме жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

**Төрайымы:**

Аймаханбетова Д

**Хатшы:**

Едіге Ж



